

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 және 1997 жылғы 22 қарашадағы N 1641 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қушiн жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 2 ақпан N 64. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.01. N 355 қаулысымен. ~P990355

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысында:

көрсетілген қаулының 3-қосымшасындағы "Көліккоммині" деген жолдағы "4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қарашадағы N 1641 P971641_ қаулысындағы:

2-тармақтағы "11" деген сан "12" деген санмен ауыстырылсын;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

12-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда баяндалсын:

"Министрдің екі орынбасары (вице-министрлері): орынбасары (вице-министр) және орынбасары (вице-министр) - Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің төрағасы болады, оларды Министрдің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады";

14-тармақтың екінші абзацындағы "өз орынбасары (вице-министр)" деген сөздер "өз орынбасарлары (вице-министрлер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтың бірінші абзацындағы "орынбасары (вице-министр)" деген сөз "оның орынбасарлары (вице-министрлер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"17. Министрдің нұсқауы бойынша, ол болмаған жағдайда оның орынбасарларының біреуі орнын ауыстырады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК